

Қаракемер мектеп-балабақшасының 2023-2024 оқу жылында 7 сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысының талдауы

1. Жалпы мәлімет.

2023 - 2024 оқу жылындағы 7- сыныбының тәрбие жұмысының жылдық жоспары: Сыныпта жалпы 5 оқушы бар. Оның 2-уі ұл бала, 3-уі қыз бала. 1 оқушы отбасылық жағдайына байланысты көшіп кетті. Сыныпта үлгерімі төмен оқушы жоқ. Токсан басын жоспар бекітумен бастадық, «**Бір тұтас тәрбие бағдарламасы**» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын атқардық. Осы оқу жылында оқушыларды адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан - жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеуге, денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулуға тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылды. Жоспарланған жұмыстар уақытылы өткізілді.

Сынып сағаттарының ұйымдастыру барысы

Сынып сағатының басы қыркүйек айының басы «**Мектебім-мейірім мекені**» атты ашық тәрбие сағатымен басталды. Сонымен қатар «**Жолда жүру ережесін білесің бе?**» атты сынып сағаты өтіп, оқушыларға жолда жүру ережесі айтылып, түсінік жұмыстары жүргізілді. Қазан айы бойынша «**Ұстаз! сіздердің алдыңызда..**» атты сынып сағаты өтіп, оқушылар ұстаздарына құттықтау тілектерін арнады. Атаулы мерекелердің бірі 16-желтоқсан Тәуелсіздіктің 32 жылдығын тойлаумен жалғасты. Сыныбымызда «**Көк тудың желбірегені**» атты сынып сағаты өтті. 1-наурыз Алғыс айту күніне орай «**Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту**» атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар алғыс айту күнін тойлап бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдірді. Наурыз айының тағы бір атаулы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «**Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды**» сынып сағаты өтті. Сонымен қатар қыз балалар арасында «**Көктем аруы**» атты мектепшілік байқау өтіп, сыныбымыздан Сымбат атты аруымыз қатысып, жүлделі орын алды. Наурыз айының мейрамы 22 наурызда «**Қош келдің Әз-наурыз**» атты сынып сағаты мен мектепаралық деңгейде тойланып, сынып болып үлкен дастархан жасалып, өз өнерлерін көрсетіп, күш сынасып көңілді мереке тойланып өтті. Мамыр айының мерекесі бойынша 9-мамыр – Жеңіс күніне орай оқушыларды қарттарымызбен кездестіріп, жеңіс күні туралы айтылып, өз бастарынан өткен оқиғалармен бөлісті. Мамыр айының 25-ші жұлдызында оқушылармен соңғы қоңырау үнін естумен аяқтадық. Сонымен қатар сыныптан тыс шараларда да белсенділік көрсетіп отырды атап айтатын болсам, сынып жетекшілер апталық аясында «**Қазақтың ұлттық бұйымдары**» атты ашық тәрбие сағатына қатысты. Жоспардан тыс түрлі байқаулар мен спорттық шараларда белсене қатысып, өз білімдерін көрсетті. Мектепшілік сайыстардан қалыс қалмады атап өтсек «**Жайдарман**» ойындарымен сурет байқауларына да белсене қатысып, жүлделі орындарды игерді.



2023-2024 жж оқу жылында өткен тәрбие сағаттары

№	Тәрбие жұмысын бағыттары	Өтілген тәрбие сағаттар саны 34 сағат	Қосымша тәрбие сағаттар саны
1	<i>ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</i>	14	-
2	<i>АР-ҰЯТ</i>	13	2
3	<i>ТАЛАП</i>	7	2

Оқушылардың үйірмеге қатысымы

Үйірме атауы	Қатысушылар саны	Аты-жөні:	Жұлделі орындары
«Волейбол»	2	Дусупов Ораз Күмісқали Нұрасыл	Мектепшілік 3 орын
«Күрес»	1	Дусупов Ораз	Мектепшілік 1 орын Аудандық 2 орын
«Әдебиет әлемі»	3	Серікғалиқызы Жаннұр Жолдасғалиева Назира Аққұс Сымбат	Мағжан оқулары Алғыс хат Зерде 2 орын
«Әдемі ай» би	3	Серікғалиқызы Жаннұр Жолдасғалиева Назира Аққұс Сымбат	
«Дебат»	3	Серікғалиқызы Жаннұр Жолдасғалиева Назира Аққұс Сымбат	Аудандық турнир Алғыс хат

Ата-аналармен жұмыс барысы:

2023-2024 оқу жылында ата-анамен жұмыс жоспары бекітіліп, хаттамасы жасалынды. Мектебімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды. Жұмыс жоспарына сәйкес бес ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналар да өз белсенділіктерін көрсетіп, жиналыстан қалмай балаларының білім сапасымен таныс болып отырды. Түрлі ойындармен сергіту сәттері жасалынды сонымен қатар тренингтер өткізілді.



Ата-аналар жиналысы туралы мәліметтер

2023-2024 оқу жылы	Жиналыс тақырыптары	Қаралған мәселелер	Ата-аналар саны	Дәлелді	Дәлелсіз
	«Отбасым-менің тірегім»	Ата-аналар комитетін сайлау	5	5	-
	«Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тренинг	тоқсан қорытындысы	5	5	-
	«Әлеуметтік желі»	Сауалнама	5	5	-
	«Отбасындағы жасөспірімдердің тәрбиесінде кездесетін тәрбие түрлері »	тоқсан қорытындысы, бала тәртібі	5	5	-

Сынып жетекшісі: Нурекеш Н.Н